

тұрғысында өзара кезеңде исламдық ренессанс болған. Мақалада келтірілген қазақ әйелдерінің күнделікті өмірінен алынған кейбір мысалдар олардың мұсылман дәстүрлерін сақтау мен сақтаудың маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді [10, б. 94].

Қорытындылай келе, ислам әйел адамның жағдайын жан-жақты қарастырып, реттей білген дін. Өмірдің бастауы, негізі – ана дейтін болсақ, олардың салт-санада, әдет-ғұрып, дініміз бен тілімізде, жалпы айтқанда, мәдениетімізде алатын орны басқа еш адаммен салыстыруға келмейтін өте жоғары тұр және ол өте ұлы, қасиетті өмірлік бастау. Ата-бабамыз қазақ ел басына күн туса ер азаматтармен бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса – билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салған емес. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі - азамат әйел болды. Өйткені нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де. Бүгінгі күн өзінің заманауи аздаған өзгерісін енгізді. Қаншама ғалым, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер қазақ әйелі өзінің ғана емес, елінің де атын шығарып жүр. Сөйте тұра, олар өзінің басты міндетін де ұмытпай, саналы, арлы-намысты, табанды, білімді, әрі жігерлі ұрпақ тәрбиелеп отыр. Себебі, ұлтты ұлт етіп сақтайтын салт-дәстүрлік ұстаным-қағидалар еш уақытта өзгермек емес. Соның бәрін үлкеннің алдын кесіп өтпейтін ибалы қазақ әйелі болашаққа да көзінің қарашығындай сақтап жеткізері даусыз. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған емес. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Государства Великой степи. – Алматы: изд. «Аруна», 2007. -216 с.
2. История Казахстана (история Казахской ССР с древнейших времен до наших дней). - 3-е изд.; перераб. – Алматы, 2011.
3. Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. – Кокшетау, 2011. -293 с.
4. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012.–219 с.
5. Буканова Р.Г. Выдающиеся мусульманские деятели из башкир XIX-XX вв. // Духовные личности ислама в истории Казахстана. Сб. материалов научно-практ. конф., посв. 550-летию Казахского ханства. – Кокшетау, 2015. – 22-26 с.
6. Абуев К.К. Науан Хазрет. Көкшетау, 2014. – 11 б.
7. Мұстафина Р.М. Қазақстандағы діни өмірге ретроспективті этнографиялық шолу (Қарағанды облысы мен Павлодар қ. этнографиялық зерттеу материалдары бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы. Әл-Фараби Атындағы Қазуу. Шығыстану Сериясы. – 2012. - №2(59). - 62-65 б.
8. Досанова Г.М. Қазақстандағы әйелдердің діндарлығы және жаңа мұсылман тәжірибелері: реферат дисс., Астана, 2010.
9. Чокан Валиханов и его современники: (монография) / К. К. Абуев, - Кокшетау, 2016. - 386 с.
10. Калпетхождаева С.К. Проблемы восприятия женщины в хиджабе в современном казахстанском обществе: история и современность. Сб. материалов межд. научно-практ. конф. – Уфа, 2016. – 80-99с.

Ибатуллиева Г.С., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, МКЯЛ-61 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Әділова А.С.*)

КӨҢІЛ АЙТУ СӨЗДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК-ЖАҒДАЯТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сөз этикеті – әлеуметтік мәдени құбылыс болғандықтан, оның өзіне тән атқаратын қызметі тілдің негізгі коммуникативтік қызметінен туындайды. Сөз этикеті сөйлеушілер арасында сыпайы қарым-қатынасты білдіру, көңіл-күйге жағымды әсер ету мақсатында қолданылатыны белгілі. Ондай сөздерге амандасу, коштасу, ризалық білдіру, құттықтау, тілек білдіру, көңіл айту, бата беру т.б. этикеттік формуладағы сөздер жатады. Олардың арасында көңіл айту сөздерінде этикеттік тілдік бірліктердің қолданылу сипаты басқаша.

Көңіл айтудың арнайы тілдік таңбаларының «кімге», «қашан», «қай жерде» деген принципке бағынатын қолдану жүйесі бар. Кез келген ортада, кез келген жағдайда бұндай тілдік бірліктерді

қолдана алмаймыз. Өмірде тек қайғылы оқиғалар кездескен жағдайларда ғана көңіл айтудың этикеттік формалары қолданылады. Қайғыға ұшыраған танитын жанға арнайы барып көңіл айту кез келген адамға міндет саналады. Бұның өзі сыпайы қарым-қатынасты білдіреді. Ал әртүрлі себептермен бара алмайтындай жағдай болса, сол қайғылы оқиғаға біраз уақыт өтіп кетсе де, кездескен адамға көңіл айтады. Қазақ халқы сол себепті «көрген жерде көңіл бар» дейді. Ондағы көңіл айтудың тілдік бірліктері кімге, қай жерде және қашан айтылса да еш өзгеріссіз тұрақтанған қалыпта жұмсалады: *«Топырағы торқа болсын», «Жаны жәннатта болсын», «Артында қалғандарға сұмыр берсін», «Арты қайырлы болсын», «Алдынан жарылқасын»* және т.б.

Ауызша әдеби тіл мен жазбаша әдеби тілдің тоғысында қалыптасқан бүгінгі көңіл айту сөздерінің өзіндік тұрақтанған дайын тілдік бірліктері бар. Қоғамда болып жатқан түрлі қайғылы оқиғалар ешкімнің назарынан тыс қала алмайды. Бұған бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары себеп. Басшы да, ел азаматы да, қоғам белсенділері, тіпті болмаса қарапайым адам да әлеуметтік желіде қайғылы апаттардың себебінен қаза тапқан азаматтардың еліне арнап, не болмаса қайтыс болған елге белгілі тұлғалардың туысқандарына арнап көңіл айтудың жазба үлгісін ұсына алады. Ондағы этикеттік тілдік бірліктердің дені мынадай: *қаза болғандардың жақындары мен туыстарына қайғырып көңіл айтамын, жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады, жаны жәннатта шалқысын, арты қайырлы болсын, Алла рахымына алсын, иманды болсын* және т.б.

Көңіл айту – естіртуден соң орындалатын сөйлеу актісі. Оның өзіндік белгілері: интенция (тұспал), коммуникативтік мақсат, дискурса жетелеу, тыңдаушының реакциясын танып-білу, вербалды және бейвербалды амал-тәсілдердің қолданылуы. Қаралы хабар алғаш естілетін тұста естіртуші адам алдымен психологиялық дайындық жасап алады. Сол үшін хабарды тұспалдап барып, айтатын ойын жеткізеді. Ел ішінде ауыздан-ауызға тарап тұрақты формулаға айналған мынадай этикеттік тілдік бірліктер бар:

*Аққу ұшып көлге кетті,
Сұңқар ұшып шөлге кетті.
Олар адасып кеткен жоқ
Әркім барар жеріне кетті.*

*Өлмейтін өмір жоқ,
Сынбайтын темір жоқ.*

*Тұлпардың тұяғы кетіледі,
Қыранның қанаты сетіледі.*

Халқымыз адам жанының шығуын *құстың ұшып кетуімен* бейнелеген. Сондай-ақ, *темірдің сынуы, тұлпардың тұяғының кетілуі, қыранның қанатының сетілуі* деген астарлау мәндегі интенциялық сөздер қайтыс болған адамның хабарын айтуда қолданылады. Көңіл айтуға кезіндегі осындай сөздер тілімізде тұрақты этикеттік формулаға айналып кеткен. Сөйлеуші осы үлгіні айтып жатқан кезден-ақ, тыңдап отырған адам қайғылы оқиға болғандығын, сөйлеуші кісі соны естіруге келгендігін бірден түсінеді.

Жұбату, көңіл айту өлеңдерінде, көбінесе, дүниенің баянсыздығы туралы баяндалады. Тіршілік ылғи да өзгеріп отырады, тірі адам тіршілігін жасай береді деген мазмұнда жұбатулар айтады. *«Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ», «Тозбасты ұста соқпайды, өлместі құдай жаратпайды»* деген тоқтамды ойлар айтылады. Анығында, ерте кезден көңіл айтудың қалың көпшілікке белгілі болған тұрақты тілдік бірліктері қалыптасқан:

*Арғымақтың тұяғы,
Тасты басса кетілер.
Сазды басса жетілер.
Жақсы пенде басына,
Іс түскен күні бекінер.
Жаман пенде басына,
Іс түскенде өкінер.*

*Жетпесті қума,
Келмеске жылама! [1, 217 б.]*

Этикеттік формуладағы тілдік бірліктер – коммуникативтік құзыреттіліктің аса маңызды бөлігі саналады. Оларды жақсы білу, әртүрлі ситуацияға сай орнымен пайдалану сөйлеушінің сөз мәдениетінің аса жоғары екендігін байқатады. Осымен байланысты халық ел ішіндегі аузының дуасы

бар адамға қайғыға ұшыраған жанның көңіліне медеу боларлық жұбату сөздерін айтқызады. Сол кісінің аузымен айтылған сөздер қайғылының жан жарасын жаза алады деп сенеді. Мысалы, елге белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың баласы Әулет қайтыс болғанда, әйгілі жырау Алмас Алматов арғы жыршы-жыраулардан қалған үлгімен Әбішке арнап көңілқос айтқан екен:

*«...Тәубашыл ерге бас берем,
Жылаған көзге жас берем,
Деген-ді Алла, жамағат!
Алладан болсын панаңыз,
Етіңіз барға қанағат..»
Сол айтқан сөзді зерлесек,
Әулеттен өрген ұрпағың,
Болғай да, аға, саламат.
Тәубаңыз болсын таяныш,
Ұл-қызың өскен саяңыз,
Келмесін қайтып жаманат.
Дұғадан ізде бағланды,
Еншісі ердің сол болар*

Алладан бұйрық – аманат!», - деп тоқтағанда, Әбіш аға теңселіп кетті. Көз жасын сүрте орнынан атып тұрып Алмас ағаны құшақтады: «Осылай еді ғой, Алмасжан-ау! Осылай еді ғой! Шалдармен бірге кетіп еді ғой бұл дүние, жоғалтпай бұл дүниені қалай сақтағансың, айналайын! Осылай айтатын еді ғой мәпелеп» деп Алмас ағаны алып құшағына қайта-қайта басты» [2]. Бұл мысалдан аңғаратынымыз - қайғы дегенің қатқан қара мұз секілді нәрсе ғой, соны еріту үшін сөз мәдениеті жоғары тұлға осы сияқты этикеттік оралымдарды тауып айта білуі тиіс. Сонда ғана рухани және тұлғалық қарым-қатынастың жүзеге асқаны көрінеді.

Көңіл айту кезінде этикалық шарттар орындалады. Қазақтың көңіл айту сөздерінде вербалды және бейвербалды амалдар ерекше қызмет атқарады. Қаралы үйге көңіл айта келген адамға оң пейіл білдіріліп, оның сөзін ден қоя тындап, назар аударту секілді бейвербалды белгілер реттеуіш репликалар арқылы жүзеге асады. Көңіл айтушылар ертеде, тіпті бертінге дейін *«ой, бауырымдап»* ат қойып, дауыс салып көрісетін болған, аза тұтушылар көңіл айтуға келгендермен жылап, дауыс шығарып көріскен. Оны мына бір мысалдан көруге болады: *«Жуантқан аттан домалап түсіп, Бәтес шымылдықтың ішінде сұлық жатқан Үмітке тура ұмтылып еді, былайғы жұрт әрең ұстап қалды. Бұдан соң ол Агажай мен Зарлықты кезек құшақтап, дауыс шығара сұңқылдай көрісті-ай кеп. Бар пейілі, аңқылдақ жанның ардақты зары да – осы [3,64 б.].* Бұлар көңіл айтудағы бейвербалды амалдарды білдіреді. Сондай-ақ, қайғылы жанның бейвербалды амал-тәсілдері, көбінесе, мынадай болуы да мүмкін: *жатқан орнынан басын көтермеу, ешкіммен тілдеспеу, қабағы түсу, жылау, көзі ісу т.б.* Адамның сыртқы бейнесінен осындай кимыл-белгілер көрінсе, сол адамның жақын-жуығы қайтыс болғаннан қайғырып отырғаны білінеді. Мына бір мысал соның айғағы: *«Бірде Қанжығалы Саққұлақтың Нұралы деген баласы қайтыс болып, Саққұлақ уайымдап, төсегінен басын көтермей жатып алыпты. Оны естіген көрші Қарауыл, Жауар елі көңіл айтуға бармақ болып, барған соң көңіл айтуды сақау Мұса дегенге тапсырыпты. Үйіне келсе де Саққұлақ басын көтермей жата беріпті, көңіл айтады деген Мұса төмен қарап отыра беріпті. Жұртта үн жоқ, көңіл сөз күтіп біріне-бірі қарасыпты. Бір кезде Саққұлақ басын көтеріп алып: - Уа, Мұса, неге үндемей жұртты аузыңа қаратып отырсың, - депті. Сонда Мұса айтыпты: - Алты ауыл Әжібек, жеті ата Жетіру, төрт ата Қанбар-жанбар – бүкіл Қанжығалыны қарыңа іліп алып жүрген Саққұлақ едің. Құда саған бес ұл берді, төртеуін өзің алып, біреуін халқыңа бердің. Өзің алған төрт ұлың аман, халыққа берген ұлыңды құдай алды, елің жесір қалды. Жесір қалған елге сіз көңіл айтар, біз елге қайырын берсін айтармыз деп келіп едік, бізге айтқан көңілің жоқ, я амандығың жоқ болған соң не айтарымды білмей дағдарып отырғаным ғой, - депті. Сонда Саққұлақ: - Әй, сақауым-ай, ерді оң тастай ма, не сол тастай ма деп жатыр едім, жарайды оңға тастадың, ендеше көңілді мен айтайын, - депті [1, 217 б.].*

Қарым-қатынас барысындағы этикеттік қаратпа атауыш сөздердің жиі қолданылуы көңіл айтуда қайғылы адамға ерекше серпін береді. Көңіл айта келген адам көп жағдайда адамды қайғыдан арылту үшін, күш-жігер беру үшін «сен» деген сөзді пайдаланады: *« - Ей, Абылай, басыңды көтер, Абылай! Алтын шірімейді, үш жүздің баласы азып жатқан өзен емес пе еді, үш еннің құйған жеріне сен біткен алтын бәйтерек емес пе едің, Абылай. Алтын бәйтеректің мың бұтағы бар емес пе еді, мың бұтақтың сан жапырағы бар емес пе еді, Абылай. Мың бұтақтың бірі сынбастай, мың*

жапырақтың бірі ұшып түспестей құдайдың сең несі едің, Абылай? Ол ұядан ұшқан сұңқарың емес пе еді, Абылай! Сары азамат Сардарбек келгенде сыйламайтын сөздерін, ескермейтін өзіңе не жазып едік, Абылай! Мен өзім тууымды білгенде, өлуімді де білгем, - дегенде, Абылай хан басын көтеріп алып, балаға қарап айтқан екен: «- Жарайсың балам, ақыл оқуым бол, ат арқандайтын қазығым бол, ақ тізем орның болсын», -депті. Сонда отырған жұрт баладан: «Сен кімсің?»- деп сұрағанда, бала: «Руым – Қоңырат, атым – Күлен» еді, - депті» [4, 320 б.].

Осындай аталған стратегия мен тактикаларды қолдана отырып, қайтыс болған адамды естірту мен жерлеуге қатысты рәсімдер жүргізіледі. Бақилық болған адамға қайғыру, о дүниеге аттандырып салуға байланысты әр қилы қам-қарекеттер жасап, аза тұту, артын күту - артында қалған тірілерге міндет саналады. Сондықтан бұндай әрекеттер қалың көпшіліктің қатысуымен жүзеге асады. Осымен байланысты қаза ситуациясын ғалымдар 3-ке бөліп көрсетеді:

«Ситуацияның 1-кезеңі, бастапқы кезең – өлген адам көпшілік ортадан аулақтанады (жеке үйге жатқызады, шымылдық құрып, бетін жабады, мәйітке рұқсатсыз жақындауға тиым салады).

Ситуацияның 2-кезеңі, ортаңғы, аралық кезең – мәйітті жуындырып, арулау, кебіндеу, жоқтау айтып шығарып салу, кілемге салып көтеріп апару, жерлеу.

Ситуацияның 3-кезеңі, соңғы кезең – адамды өлгендер санатына қосу, онымен біржолата қоштасу (жетісін, қыркын, жылдық асын беру рәсімдері)» [5, 49 б.].

Ал көңіл айта келген адам әртүрлі жағдайларға байланысты ситуацияның қай кезеңінде келсе де қайтыс болған адамның туған-туыстарына көңіл айтып, өз міндетін орындауы тиіс. Ситуация барысында белгілі бір факті (өлім) бойынша сөйлеуші адам айтатын сөзін алдымен образдап, астарлап айту арқылы тыңдаушыға психологиялық дайындық жасайды. Бұнда сөйлеушінің дүниетанымдық көзқарасы, сөз сомдау мәнері көрінеді. Сол себепті көңіл айтып жұбатуды ел ішіндегі аузының дуасы бар адамға айтқызуы тегін емес. Сондай-ақ ондағы қолданылатын этикеттік формулалар, вербалды, бейвербалды амалдар көңіл айтудың коммуникативтік жағдаятын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974.
2. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/168282-qayghynynh-emi-nemese-kekilbaevqa-konhilqos-aytu>©
3. Бөкей О. Ұйқым келмейді. – Алматы: «Жалын», 1990, 558 бет.
4. Ісләмжанұлы (Матыжанов) К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
5. Есімова Ж. Қазақ тіліндегі эвфемизмдердің ерекшеліктері (естірту мен көңіл айту сөздері). Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 175 бет.

Касейнова Б.Н., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет Философии и Психологии, гр. МПс-52, магистрант
(Научный руководитель - к.п.с.н., профессор Сабирова Р.Ш.)

КОГНИТИВНЫЕ ФУНКЦИИ В ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА

Когнитивные (или как ещё отмечают познавательные) функции – одни из сложнейших функций головного мозга, важного органа центральной нервной системы. О значении психологии, в частности для изучения деятельности головного мозга, писали в своих работах И.М Сеченов и И.П. Павлов. Человек посредством когнитивных функций способен познавать окружающий мир, активно с ним взаимодействовать. Действительно, это главнейшие функции, только благодаря этому человек может мыслить, осознавать, выражать свою речь, высказывать своё мнение и свой взгляд на вещи, целостно воспринимая окружающую действительность.

Современное общество предъявляет все новые требования по усвоению и переработки информации, что существенно увеличивает нагрузку на когнитивную сферу человека и требует продолжения когнитивного развития на протяжении всей жизни [1, 72-73].

Познавательные способности такие как мышление, память, внимание, речь, гнозис и праксис, благодаря чему, формируется личность человека, определяются его способности к образованию, работе и другим сферам жизни. Когнитивное функционирование – набор определённых видов деятельности, которые помогут «активизировать» и улучшить познавательные функции. К примеру,